



Жалағаш

Жаршысы



Аймақ жаңалықтары

3 мыңға жуық отбасы баспаналы болмақ

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНДА 1 924 ПӘТЕРЛІК 36 КӨПҚАБАТТЫ ТҮРҒЫН ҮЙДІ ҚҰРЫЛЫСЫ ЖҮРГІЗІЛУДЕ. БИЫЛ 1430 ПӘТЕР ХАЛЫҚ ИГІЛІГІНЕ ТАБЫСТАЛАДЫ. БҮЛ ТУРАЛЫ ОБЛЫС ӘКІМІ НҮРЛЫБЕК НӘЛІБАЕВ ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ КЕЗЕКТІ V СЕССИЯСЫНДА АЙТТЫ.



«Қазір облыс көлемінде 31,4 млрд. теңгеге 130 мың шаршы метр болатын 1 924 пәтерлік 36 көпқабатты тұрғын үйдің құрылысы жүргізілуде. Биыл 30 үй (93 мың шаршы метр, 1430 пәтер) халық игілігіне табысталады. Бұдан бөлек, әлеуметтік осал топтарға 1000 пәтер сатып алуға (600 пәтер Қызылорда қаласында, 400 пәтер аудандарда) республикалық бюджеттен 9,6 млрд теңге бөлінді», - деді аймақ басшысы.

Елдің әл-ауқатын арттырудың тағы да бір өлшемшарты – инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту. Облыс халқының 98,1 пайызы орталықтандырылған ауыз сумен қамтылған. Бұл көрсеткішті 100 пайызға жеткізуге жұмыстар жасалуда (230 елді мекеннің 198-і су жүйесіне қосылған). Өткен жылы 6 ауыл «көгілдір отынға» қосылып, халықты газдандыру деңгейі 70 пайызға жетті. Биыл тағы да 12 елді мекенге табиғи газ тартылып, газдандыру деңгейі 75 пайыз болады.

Жергілікті маңызы бар 366 шақырым автомобиль жолдарының жақсы жағдайдағы үлесі өткен жылы 82 пайызға құраған. Биыл бұл көрсеткіш 87 пайызға жеткізілмек. Бүгінде Қызылорда қаласында 141 шақырым көшені жөндеу жұмыстары қарқынды жүруде. Шет аймақ, кенттер, ауылдар да назардан тыс қалған жоқ.

Нұрлыбек Машбекулы көлік ағымы көп Сұлтан Бейбарыс, Назарбаев және Астана даңғылы сияқты орталық көшелерде жол жөндеу жұмыстары алдағы 10-15 күнде аяқталатынын айтып, уақытша қолайсыздыққа түсіністікпен қарауды сұрады.

«ЖЖ» ақпарат

Қабылдау

Еңбек еленген күн

Әр саланың ел дамуына қосар үлесі зор. Соның ішінде елмен елді жалғастырып отырған көлік саласы қашан да елдің экономикалық және әлеуметтік өмірінің маңызды бөлшегі. Ал республиканың дамуының көрсеткіші саналатын құрылыс саласының серпін алуы бүгінде көңіл қуантады. Кешегі тәуелсіздікке қол жеткізген жылдары жер-жерде кірпіші қаланған ғимараттардың барлығы осы сала мамандары жұмысының нәтижесі болса, шойын жолда шыңдалған теміржол қызметкерлерінің еңбегі ерен.

Жалпы кез келген жұмыстың өз маманы болады. Ал біз айтып отырған құрылыс саласында жүргендердің, ауқымды саланы алға жылжытуда құрылысшылардың еңбегі ерен. Бүгінде құрыш қолды құрылысшылардың қолтаңбасымен қаланған әрбір ғимарат кент келбетіне көрік беріп, халыққа қызмет көрсетіп тұр. Қызығы мен қиындығы қатар жүретін, жауапкершілігі мол қос сала қызметкерлерінің еңбегі де елеусіз қалған емес. Аудан әкімі Асқарбек Есжанов көлік қызметкерлері мен құрылысшылар күні мерекелеріне орай қабылдау өткізіп, сала ардагерлері мен мамандарын кәсіби мерекелерімен



құттықтады. Қабылдау барысында аудан әкімі Асқарбек Есжанов елмен елді жалғастырып, алысты жақын етіп, берекелі бірлікке ұластырып отырған көлік саласының маңызы зор екенін жеткізді. Ауданның, ауылдың санін келтіріп, айшықтандырып тұрған құрылыстарға қолтаңба қалдырып, өмір аумағында әлеуметтік және өндірістік нысандарды сапалы және мерзімінде іске қосуға атсалысып жүрген мәртебелі мамандық иелерінің құрылыс саласын

да еңбек етіп жүргенін айтты.

Бүгінде ауданда жолаушылар тасымалы қызметін 2 жауапкершілігі шектеулі серіктестік көрсетеді. Ерекше айта кетерлігі, Жаңадария, Аққыр бағыттары облыстық мәслихаттың шешіміне сәйкес әлеуметтік маңызы бар қатынастар тізбесіне енгізілді. Субсидия беру мерзімі 3 жылға белгіленіп, Жаңадария бағытына бір жылға 2 млн 373 мың теңге, Аққыр бағытына 2 млн 738 мың теңге, барлығы 5 млн 110 мың теңге аудан бюджетінен қаралып, төленіп отыр. Аудандағы маңызы зор тағы да бір көлік түрі ол – теміржол Аудан бойынша тәулігіне 100 адамға дейін қызмет көрсету мүмкіндігі бар темір жол вокзалы 2013 жылдан бастап жолаушыларға қызмет көрсетіп келеді. Сондай-ақ 2023 жылдың I жартыжылдықтың қорытындысы бойынша құрылыс жұмыстарының көлемі 3 млрд 350 млн теңгеге орындалып, өткен жылмен салыстырғанда 134,6 пайызға артқан.

Еліміз тәуелсіздік алған жылдан бері ауданымызда құрылыс саласы қарқын алды. Жалағаш ауданында әлеуметтік салада 17 медициналық ұйымдар, 7 мектеп, 28 балабақша, 45 спорттық кешендер мен балалар ойын алаңдары салынып, ел игілігіне пайдалануға берілді. Үш ауысымды және апаттық жағдайдағы мектептер мәселесі түбегейлі шешілді, - деген өңір

басшысы Асқарбек Темірбекулы қос саланың мамандары мен ардагерлеріне Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің алғысын, облыс әкімінің «Құрмет» грамотасын және аудан әкімінің алғысын табыс етті.

Рас, көлік саласының қызметкерлері барлық өңірмен байланысты орнатуда елеулі әрі тынымсыз еңбек етсе, өңірлімізде атқарылып жатқан барлық игілікті істердің басында құрыш қолды құрылысшылардың жүргенін білеміз. Ауданның құрылыс саласындағы атқарылған жұмыстарда, саланы алға жылжытып, құрылыс саласының артуында сала ардагерлерінің де өзіндік қолтаңбасы мен үлесі бар.

Салтанатты шарада аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әлиев аудан тарихында өз қолтаңбасын қалдырып, адал еңбектің үлгісін көрсетіп жүрген сала қызметкерлерінің еңбегін айрықша атап өтсе, көлік саласын дамыту мен жетілдіру ісіне көп жылдар бойы аянбай еңбек етіп келген Қасым Жұбатыр және құрылыс саласының ардагері Болатбек Жәнібеков қос саланың да атқарар жұмысы жауапкершілікті талап ететінін айтып, мереке қарсаңында арнайы қабылдап, құрмет көрсеткен аудан басшылығына алғыстарын білдірді.

Н.АЛМАСҚЫЗЫ

Бәрекедді!

Медицина саласындағы басты мақсат Қазақстан халқының денсаулығын сақтау, өскелең ұрпақтың саулығын қамтамасыз ету ісіне озық технологиялар енгізу, ауылдағы медициналық қызметтердің сапасын арттыру болып табылады. Бүгінде ауданымызда халық үшін ең маңызды денсаулық сақтау саласында бірқатар жобалар, ауқымды шаралар жасалуда. Әсіресе ауданымызға қарасты ауылдық елді мекендерде әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдарды дамыту, ауыл халқының әлеуметтік игіліктеріне қолжетімділігін қамтамасыз ету және жалпы жайлы өмір сүру ортасын қалыптастыру бойынша көптің қуанышын еселейтін ауқымды істер мен жарқын жобалар қолға алынып жатыр.

Сүйіншілейтін жақсы хабардың бірі – Есет батыр ауылындағы жаңа емхана ғимаратының құрылысы. Осы орайда сейсенбіде өңір басшысы Асқарбек Есжанов дәрігерлік амбулаторияның іргетасын қалау рәсіміне қатысты.

Басы ауырып, балтыры сыздаған ауыл халқының барар жері – амбулатория мәселесінің шешімін тапқаны жұртшылықтың үлкен қуанышына айналды. Иә, тұрғындар қуанышында шек жоқ. Бәрі арқа-арқа. Ауылдың мәселесіне құлақ асып, әлеуетінің артуына көңіл бөліп, тынбай жұмыс жасап жатқаны үшін ауыл тұрғындары аудан әкіміне алғысын жеткізуде. Ауыл ақсақалы Сақтан Медетов ел үшін еңбек етіп жүрген азаматтарға ақ батасын беріп, сәттілік тіледі.

Аламекек ауылының тұрғыны ретінде ауылымызда біраз жоба жүзеге асырылып жатыр деп сеніммен айта аламын. «Азаматтың іскерлігі ісінен мөлiм» демекші, Жалағашқа Асқарбек Темірбекулы басшылық еткелі өңірдің, әсіресе ауылдық елді мекендердің дамуы едәуір ілгеріледі. Шыны керек, халықтың мәселесі ескеріліп жатыр, былтырдың өзінде ауыл мектебі күрделі жөндеуден өтті, кіреберіс көшеміз тақтайдай тегіс, демеушілер есебінен ауылымызда 2 балалар ойын алаңы салынды. Бірнеше өкімнің тұсында халықтың талап-тілегіне арқау болған жол бойындағы апатты жағдайдағы көпір қайта салынды. Енді міне, жаңа емхана ғимаратының құрылысы басталды. Барлығына істеріңізге сәттілік, бірлік-береке тілеймін, - деді ауыл ардагері Мұқан Мұратбай.

Есет батырлықтардың халық үшін әлеуметтік маңызы жоғары жаңа нысанның игілігін көретін уақыттың да ауылы алыс емес. Өйткені «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» пилоттық ұлттық жобасы аясында салынып жатқан аумағы 728,4 шаршы метрді құрайтын, 20 төсек орынға арналған дәрігерлік амбулаторияның құрылысы биыл қараша айында аяқталады.

Статистикаға сүйенсек, қазіргі таңда аудан көлемінде орталық аурухана, аудандық емхана, 12 амбулатория, 2 фельдшерлік-акушерлік бекет және 2 медициналық бекет халыққа қызмет етеді. «Дені сау ұлт әрбір азамат үшін сапалы және қолжетімді денсаулық сақтау» мемлекеттік бағдарламасы аясында өңіріміздің денсаулық сақтау саласында медициналық қызметті жетілдіру, медициналық қызмет сапасын арттыру, халықты қолжетімді медицинамен қамтамасыз ету, профилактикалық медицинаны дамыту, аурудың алдын алу шаралары мен алғашқы медициналық көмекті жетілдіру, ана мен бала денсаулығын қорғау бойынша жұмыстар тұрақты түрде жүргізіліп келеді.

Мәселен ана мен бала және ұрпақты болу жасындағы әйелдердің денсаулығын қорғау жұмысын жандандыру, ана мен балаға көрсетілетін медициналық көмектің сапасын арттыру мақсатында енгізілген «Эффективті перинаталды технологиясы» және БШАБЕ бағдарламаларын әрі қарай жалғастыру, пилоттық патронаждық қызметтің жұмысын жандандыру, саби өлімін болдырмау және алдын алуға бағытталған қысқа мерзімді жоспармен жұмысын жасау,



Көпті қуантқан жоба

емдеу-диагностикалық жұмыстарын халықаралық стандарттарға сәйкестендіру мақсатында аудан бойынша медицина қызметкерлерінің кәсіби біліктіліктерін жетілдіру және мастер-класс тәжірибесін тиімді пайдалану, емдеу және алдын алу ұйымдарының материалдық-техникалық базасын нығайту, аурудың алдын алу шараларын жүргізу, салауатты өмір салтын қалыптастыруды насихаттау жұмыстарын жал-

ғастыру, цифрлы Қазақстан бағытында мекеме жұмысын толығымен біріктірілген ақпараттандыру жүйесіне енгізу арқылы қағазсыз мекеме принципімен жұмыс жасауды жандандыру және МӘМС жүйесі бойынша халықты ақпараттандыру жұмыстарын жандандыру жұмыстары жолға қойылған.

Медицинасы дамыған елдің болашағы жарқын, халқының дені сау, бәсекеге қабілетті болмақ. Сондықтан дамыған ел-

дердің тәжірибелерін меңгеру арқылы озық елдердің қатарына енуі мақсат тұтқан еліміз соңғы жылдары денсаулық сақтау саласына аса мән беріп келеді. Нәтижесінде жыл сайын салада оң өзгерістер орын алып, тіпті шалғай аудандарда заманауи үлгідегі емханалар бой көтеріп, заманауи аппараттар үлестірілуде.

Жандос ЖАЗКЕН

Ауыл тынысы

Аламесекте тындырымды тірлік көп

1900-ден астам халқы бар Аламесек ауылдық округінде былтырдың өзінде біршама жоба жүзеге асқан, ауыл мектебі күрделі жөндеуден өткен, кіреберіс көшесі тақтайдай тегіс, демеушілер есебінен ауылда жалпы құны 15 млн теңгені құрайтын 2 балалар ойын алаңы салынды. Бірнеше әкімнің тұсында халықтың талап-тілегіне арқау болған жолбойындағы апатты жағдайдағы көпір 139,3 млн теңгеге қайта салынды.



Биылғы жылы Аламесекте біршама жоба жүзеге асқалы тұр. «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы шеңберінде 1 млн 370 мың теңгеге Кеңесбек Әбішев және Өмірбай шешен көшелеріне жарық орнатылады. Бұған дейін «Туған жерге тағзым» акциясы аясында «Қарабура-Ата-1» шаруа қожалығы кіреберіс көшесіне жарық жүргізіп берген жоба құны 5 млн теңгені құрайды. Сондай-ақ жалпы құны 431 млн теңгені құрайтын ауылдық емхана құрылысы күні кеше басталды.

Шыны керек, ауылдағы ішкі көшелердің бәрінің бүгінде тозығы жеткен. Бұған қатысты Есет батырда жол құрылысына қаржын алғалы тұр. Жол құрылысынан бөлек ауылда ауыз су жүйесін кеңейту, электр желісін жаңғырту қолға алынады. Тізе берсек, ауылда алдағы жылы жүзеге асатын жарқын жобалар жетерлік. Бастысы, халықтың атқарылған істерге берер бағасы жоғары. Ауыл әкімі Дәулеткерей Тәжібаев 5 ішкі көшені күрделі жөндеуден өткізу үшін жоба-сметалық құжаттары әзірленгенін айтады. 545,8 млн теңгені құрайтын бұл жобалар қаржылай қолдау тапса, Есет батырдағы Т.Бейсенбаев, Бөлекбай би, Өмірбай шешен, Жаңа жарма және Сарман батыр көшелерінің сапасына мән беріледі. Бұл жобаларды дайындауға өңір қазынасынан 3 млн теңге қаражат қаралған. Сонымен қатар Көкпая, Жаңа қоныс көшелерімен Сарман батыр, Т.Бисенбаев көшелерінің шеткі аумақтарына жоба-сметалық құжаттары әзірленді.

Бүгінде ауылдағы электр жарығына қатысты мәселе де назарға алыныпты. Бұған қатысты 357 млн теңгенің жобасы дайын тұр. Қазіргі таңда бұл жоба республикалық бюджеттің нақтылауына ұсынылған. Ауыз су жүйесін кеңейтуге қатысты елдің талап-тілегіне арқау болған мәселе де оң шешімін таппақ. Биыл ауылдағы ауыз сумен жабдықтау желілерін кеңейтуге қатысты жоба дайын тұр. Оған 4,2 млн теңге қаралған.

Есет батырда жергілікті халық көсіп ашуға ынтылы. Қазірдің өзінде ауылда 113 кәсіпкерлік субъектісі тіркелген. Соңғы екі жылда 11 ауыл тұрғыны қайтарымсыз қаражатқа қол жеткізіп, ауылда өз жобасын жүзеге асырған. Мұнан бөлек 14 азамат мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде көсіп бастапты. Бүгінге дейін Аламесектен 9 адам «Ауыл аманаты»

жобасы шеңберінде 2,5 пайыздық үстемасымен несиелі алып, кәсіп бастау үшін құжаттар тапсырған. Ауылда 33 шаруашылық егін егумен айналысады. Биыл олардың демеушілігімен елді мекенде біршама жоба жүзеге асқан. Есет батырдағы «Нағи» шаруа қожалығы 2021 жылы Өмірбай шешен көшесін абаттандыруды қолға алыпты. Қазірдің өзінде ол көше бойын қоршау жұмыстарын жүргізіп, бір балалар ойын алаңын салып берді. Басқа да жобаларын 2025 жылға дейін аяқтауды көздеп отыр. Ал «Қарабура-Ата-1» шаруа қожалығының кіреберіс көшесіне жарық орнатқанын жоғарыда айттық. «Көктөбе» шаруа қожалығы ауылдағы кеңсенің ескі ғимараты аумағын абаттандыруды қолға алыпты. «Жаңаарық» шаруа қожалығы кіреберіс көшесінің қос бетін абаттандыруға кіріскен. «Ал Ибраев Б» шаруа қожалығы ауылдың Көкпая көшесі аумағына абаттандыру жұмыстарын жүргізуде.

Елді мекенде биыл тұрғындардың бақша салуына 50 гектар жер ашылып, тұрғындарға бөлініп берілген. Бүгінде жоспар жүз пайызға орындалып, онда 68 отбасы бақша дақылдарын егіпті. Жалпы, ауылда тындырымды тірлік көп, мұның бәрін біз жергілікті биліктің қолдауымен және халықтың ауызбіршілігімен байланыстырауға болады.

Жандос МАХМҰТҰЛЫ



Түлектерге тарту

Биыл облыс әкімінің қолдауымен 2023-2024 оқу жылына арналған 100 оқу гранты бөлінді. Атап айтқанда, білім беру саласына 49, денсаулық сақтау саласына 15, су шаруашылығына 8, ауыл шаруашылығы саласына 8, инженер саласына 4, электр энергетика саласына 4, хореография 3, құрылыс, жерге орналастыру, ақпараттық технологиялар және дін саласына 2 грант, ал азық-түлік өнімдерін өндіруге 1 оқу гранты тағайындалды. Облыс әкімінің оқу грантына әлеуметтік жағдайы төмен және халықтың осал топтарынан шыққан талапкерлер ғана үміткер бола алады. Бұл жөнінде Қызылорда облысының өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Ғабит Жаңабаев хабарлады.

— Өздеріңізге белгілі, мемлекеттік грант конкурсына өтінім қабылдау шілде айында аяқталған болатын. Конкурс нәтижесі тамыз айының басында жарияланды. Осы мемлекеттік грантқа іліге алмай қалған әлеуметтік жағдайы төмен және халықтың осал топтарынан шыққан талапкерлер облыс әкімінің арнайы грантына үміткер бола алады. Биыл өңірге қажетті мамандықтардың тізімі жинақталып, нәтижесінде 146 мамандыққа сұраныс бар екені анықталды. Сондай-ақ жыл басынан бері облыс әкімінің грантын бөлуге тек Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінен ұсыныс келіп түскен болатын. Дегенмен 2021-2023 жылдарға жасалған облыстық еңбек ресурстарының балансына сәйкес, маман тапшылығын алдын алу және алдағы уақытта өңірде жүзеге асырылатын бірқатар инвестициялық жобаларды ескеріп, осы жылы жүз оқу гранты бөлінді. Оның 83 гранты Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетіне, 15 грант С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университетіне, 2 грант Нұр-Мұбарак Египит Ислам мәдениеті университетіне берілді. Ал қала және аудандар бойынша Арал ауданына 10, Қазалы ауданына 8, Қармақшы ауданына 12, Жалағаш ауданына 4, Сырдария ауданына 9, Шиелі ауданына 8, Жаңақорған ауданына 9, Қызылорда қаласына 40 грант. Оқуға құжаттарды қабылдау қалалық және аудандық жұмыспен қамту орталығындағы тіркеу бөлімдерінде тамыз айының 10-нан бастап жүргізіледі, — деді басқарма басшысы Ғабит Жаңабаев.

Айта кетейік, соңғы он жылда еліміздің жоғары оқу орындарында білім алу үшін 1 303 студент облыс әкімінің грантын иеленген болатын. Оның 881-і оқуды бітіріп, 406-ы жұмыспен қамтылған. Биыл облыс әкімінің 100 оқу грантына облыстық бюджеттен 85,2 млн теңге қаражат бөлініп, қала және аудан бюджеттеріне аударылды.

«ЖЖ» ақпарат

Ойтамызық

Ел баласы боламын десең, тіліңді түзе!

“Қазақ тілі – жұпарлығымен бой балқытып, тамыр шымырлататын жан дүниенді жандырып, құлақ құрышын қандыратын, өткірлігімен қысылтатын тұста ер мен елге бірдей медет беріп, адам түгіл жағдайдың ауызына құм құятын гажайып, кемел тіл” деп баға берген Бауыржан Момышұлы.



Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін түйіп, жүйелі сөзбен алқалы топты еңсерген ойшыл шешендерді ел басқару ісіне араластырып, халық жүрегіне жатталған дала данышпандары, кемеңгер ойдың кемелді арнасы, тілінен бал тамған, қара қылды қақ жарған әділетті би-шешендер ұлылық пен ұлағат, өнеге мен тағлымның мектебі, аталы ойдың алтын қазығы бола білді.

Расында қазақ тілінің сөздік қоры мағыналы сөздерге бай көркем тіл. Өзге тілдерде көп кездесе бермейтін теңеулер, метафораларды қолдануға болады. Әр ақынның өз жазбасында қалдырған өлеңдерін оқып та тіліміздің құдіретін байқауға болады. Ал қазіргі уақытта орыс тілін өзіндік «тренд» етіп алған жастарымыз да жоқ емес. Алайда ең әуелі балаға кішкентайынан ана тілін үйретіп өсірген дұрыс дер едім. Сенің ана тілің — тұнып тұрған тарихың. Одан айырылсаң елдігіңнен де айырылуың ғажап емес. «Ана тілі — жүректің терең сырларын, басынан кешкен дәуірлерің, қысқасы, жанның барлық толқындарын ұрпақтың-ұрпаққа жеткізіп сақтап отыратын қазына» екендігін Ж.Аймауытовтың шығармашылығынан да көруге болады.

Әрбір тұлға дүниеге келер кезде дінің, тілің, ұлтын дәріптейтін тұлға ретінде дүние есігін ашады. Ата-ана да халқы көтеретін, ел баласы қылуды армандайды. Ал ел баласы ең әуелі өз тіліне деген құрметті білгені абзал деп білемін. Мәселен елім, халқым деп өміренген, нағыз ел баласы Бауыржан Момышұлының жоғарыдағы сөзі арқылы қазақ тілге, халқына деген махаббатын білуге болады. Елінің дамуын қалайтын ер тұлға өз ана тіліне бекем болады. Қазіргі кезде ана тіліне негізделген көптілді білім беру барлық адамдардың қоғам өміріне толықтығын қатысуына мүмкіндік береді. Ол өзара түсіністік пен бір-біріне деген құрметті қалыптастырады және дүние жүзіндегі әрбір тілде өнген мәдени және дәстүрлі мұраның байлығын сақтауға көмектеседі. Қазіргі таңда дүниежүзінде 7000-ға жуық тіл бар. Көп тілді білген, білім алған жақсы, алайда, ана тілін сол көп тілді ауыстыру ол өте үлкен қателік. Себебі тіл — елдің мәдениеті, саясаты, тарихы. Ана тілін өшіру — ел тарихын өшірмеген тең. Сондықтан да өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте.

Мұқағалидің үш бақытына кірген, қараңғы заманда Мағжанға нұрлы жұлдыз болған, алпыс тілге татитын ана тіліңді сақтап, дамытып, ел іргесін берік етіп қалуға атсалысайық.

Рахат АҚҚАСЫНОВ, аудандық соттың бас маманы



Мәдениет пен өнерді ұштастырған

Ауыл мәдениеті ұрпақтан-ұрпаққа сақталған салт-дәстүрі, қаймағы бұзылмаған ана тілі, құндылығы арта түскен қолөнермен күнды. Осындай мәдениет ошақтары ауыл жастарының музыкалық және басқа да үйірмелерге қатысып, бос уақыттарын тиімді пайдалануда атқарып жатқан жұмыстары көп. Мәдениет ошағының басты мақсаты мәдени іс-шараларды ұйымдастыру, салт-дәстүрлерді және өнерді насихаттап, жандандыру жұмыстарын жүргізу, әртүрлі жанр бойынша байқаулар өткізе отырып, өнер шеберлерінің талантын шыңдау болып табылады. Осы міндеттердің барлығының орындалуына атсалысып жүрген Ақсу ауылдық мәдениет үйінің жетістігі де жетерлік.

47 жылдық тарихы бар ауылдық клубта 13 қызметкер жұмыс жасайды. Ауыл жастарының өнерін шыңдауда, бос уақыттарын тиімді өткізу мақсатында өн, би, көркем сөз үйірмелері жұмыс жасайды. Балалар тек қана ауыл сахнасында өнер көрсетіп қоймай, аудандық іс-шараларға да белсене қатысып, үнемі шығармашылық ізденіс үстінде жүреді. Бұл үйірмелерден бөлек ақ жаулықты әжелердің де бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында Ақсу ауылдық клубы жанынан құрылған «Асыл әжелер» ансамблі бар.

Өнерлінің басым бөлігі ауылдан шығады. Дауысы таңдай қақтыратын өнші де, домбыраның құлағында ойнайтын күші де ауылда. Сондықтан ауылдағы мәдениет ошағының жасөспірімдерді тәрбиелеуде маңызы зор. Мұнда балалар өздерінің талантын шыңдап қана қоймай, рухани да дем алып қоғамдық шараларға өз үлестерін қосады. Барлық үйірмелерде тәжірибелі білікті мамандар жұмыс атқарауда. Атап айтқанда Жанар Искакованың жетекшілігіндегі «Сырлы әуен» өн үйірмесінің асқан асылары көп. Өн үйірмесіне қатысатын 15 өнерпаз ауылдық клубта өткізіліпін барлық шараларға белсене атсалысып, өнерлерін көрсетіп, халықтың көңілінен шығып жүр.

Үйірмеде тәлім алатын оқушылар халықаралық жарыстарға дейін барып,

жүлдемен оралған. Мәселен үйірме мүшесі Аруназ Сағынтай 2022 жылы «Таңшолпан» телевизиялық жобасының «Әлемдік өнді жақсы орындағаны үшін» номинациясы иегері атанып, Канада мемлекетінің «Торонто» патриоттық өн орындаушылардың байқауына қатысу үшін жолдама жеңіп алған Гүлжаз Канадада өткізілген «Торонто – 2022» патриоттық өн орындаушылар байқауының ГранПри иегері атанған. Қызылорда қаласында өткізілген «Сырдария – достық өзені» атты республикалық өн байқауынан жүлделі II орынды иеленген. Сондай-ақ XXIV Бозторғай балалар шығармашылығы республикалық кезеңінің Дипломант атағының иегері.

Бұдан бөлек, Арайлым Боранбай аудандық «Ән-халық үні» байқауының III орын иегері атанып, «Домбыра – көнеңің көзі, бабаның үні» облыстық күй орындаушылар байқауының жүлделі I орын иегері, аудандық «Күй – киелі өнер» байқауының II орын иегері. Сондай-ақ «Жыр, терме халық үні» атты жыршы – термешілердің байқауынан және «Текті сөздің төресі – терме» атты аудандық байқаудың III орын иегері атанып, аудан әкімі Асқарбек Есжановтың арнайы алғыс хатымен марапатталған.

Рас, сөз өнері — жүректі толқытып, ақылды таразылап, ойды өрнектеп жеткізетін ұлы өнер. Сонымен қоса асыл сөздің сиқырлы сырын ашып,

шығармашылықтың көркемдігін арттырып, тіл байлығын мөлаетады. Осы орайда Ақсу ауылдық клубы жанынан сүбелі сөздің маржанын терген ақсулық жастарға Нұрбала Қалыбайдың жетекшілігімен «Сөз маржаны» көркем сөз үйірмесі жұмыс жасал келеді. Үйірме мүшелері аудандық, облыстық, республикалық байқауларда жүлделі орындарды иеленіп жүр.

Атап айтсақ, Гүлжаз Сағынтай XXII «Бозторғай» балалар шығармашылығының аудандық іріктеу турынан облыстық «Бозторғай» балалар шығармашылығы байқауына жолдама алып, облыстық XXII «Бозторғай» балалар шығармашылығы байқауынан «Көркем сөз» жанры бойынша жүлделі III орын иеленген, ол «Jas-STAR» балалар мен жасөспірімдер және жастар фестивалінің облыстық кезеңінен I орын иеленген. Ал Жансая Нұрмұрат Ұзақ Еспаповтың 95 жылдығына орай «Кемеңгер, ақын аға» атты аудандық көркем сөз оқу шеберлерінің байқауынан жүлделі III орын иеленді. Бұдан бөлек, 10 тамыз — Абай күні мен ақын, композитор, аудармашы Шөкәрім Құдайбердіұлының 165 жылдығына арналған «Мен кетермін, сөз қалар» атты облыстық көркем сөз оқу шеберлері байқауына қатысып, үздік өнер көрсетіп II орын иеленді. Сонымен қатар Азулым Таңсықбай «Сатираның сардары» атты мысалдарды жатқа айтушылардың аудандық байқауынан

және «Дарабоз» атты көркем сөз оқу шеберлерінің облыстық байқауынан жүлделі III орын иеленіп, «XXV Бозторғай» балалар шығармашылығы байқауының аудандық іріктеу турында алғыс хат иеленген Ақниет Сынасаяп 2020 жылы Әбу Насыр Әл-Фарабидің тулығанына 1150 жыл толуына орай «Есімі асқақ — ғұлама» атты қашықтықтан өткізілген аудандық жыр мүшәйрасының жүлделі II орын иегері. Сондай-ақ Ұлы ақын Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына орай «Абай — дана, Абай — дара қазаққа» атты 5-8 сынып оқушыларының арасында көркем сөз оқу шеберлерінің облыстық байқауының жүлделі II орын иегері.

Безгек өнер саналатын би көрерменге адамның ішкі жан дүниесі мен мінез-құлқын дәлме-дәл жеткізуді мақсат етеді. Ол жай қимылдан, құр қозғалыстан тұрмайды. Биді көзбен көріп қана қою аз, оны жүрекпен түсінуге қажет. Тіпті тіл жеткізе алмайтын дүниелерді бимен айшықтауға болады. Ауыл жастарынан құралған «Ай-ару» би тобы аудандық би байқауларына қатысып жүлделі орындарға иеленуде.

Ұлттық құндылықтарымыздың бастауы мәдениетімізде. Ауылдың рухани жас өскелең ұрпақтарға насихаттап, мәдениет ұлттың мәйегі екенін дәлелдеп, өскелең ұрпақты шыңдап келе жатқан Ақсу ауылы мәдениет ошағы ұжымының оның ішінде кәсіпорын басшысы Маржан Қанбаеваның еңбегі ерөн.

Нұрбала ҚАЛЫБАЙ, «Ақсу ауылдық клубы» КМҚК әдіскері

Тарих

Адам бойындағы қасиет пен мінез-құлық жаратылыс атаулыдағы ең тылсым күш екені анық. Әсіресе, бойдағы күш-қуат, ой-сананың мүмкіндігі, таным көңістігі шексіз құпия күйінде қалып, ғылым да тереңіне бойлай алмай отыр. Ал ескі заманның төпсірінде мұндай күштің қозғауы, адамның өзін бағамдауы Жаратқанды танудан басталатыны анық айтылған емес пе? Кезінде Кеңестік солақай саясаттың ықпалы елдегі көзі ашық білімдіні де, діни сауатты ғұламаны да темір торға тоғытып, жобаға күш салды. Салдарынан іліммен әлемді танып, біліммен таным кеңейткен қаншама ишан-молда қатігез жүйенің құрбаны болды. Әрине, мұның барлығы әулиелілік, көріпкелдік қасиеттерге ескінің қалдығы ретінде қараған түсініктен екені даусыз. Алайда осындай тыйым салу мен тосқауылға қарамастан тұлғалардың мұрасы мен өмірдері бүгінге дейін есен-сау жетіп, Тәуелсіздікте жаңа буынмен қайта табысты.



Сейітпенбет әулие

Бір анығы, әулиелік қасиет қазақы танымға да, діни түсінікке де жат емес. Себебі пайғамбарлар мен әулиелер, сыншысы, емшілер адамзаттың жүріп өткен жолында жетерлік. Бұған киелі кітаптар мен аңыз-ертегілер дәлел бола алады. Ал тула бойында ерекше тылсым, жұмбақ қасиет дарыған әулиелерге келер болсақ, қазақ қоғамы ондай тұлғаларға құрмет білдіріп, ерекше маңыз бергенін байқаймыз. Ислам дінінде де бұл ұғым кең қолданылады. «Әулие» сөзі арабша «қули», көпше түрінде «қулия» – Алланың досы, Аллаға жақын тұрушы адам, Алланың қамқорлығындағы адам, Алланың мейірі түскен адам деген мағына білдіреді. Содан болар, қазақ әулиенің тілегі қабыл болады деп мән қойған.

Осы орайда қасиетті Құран Кәрімде әулие туралы бірнеше келтіре кетейік. Мәселен, Халифа Алтайдың аудармасында «Юнис» сүресінің 62 аятында: «Біліңдер! Расында Алланың достарына қауіп-қатер жоқ әрі олар қайғырмайды» (72 бет) деп, әулиенің Жаратқан Тәңірі алдында қаншалықты қадір-қасиетке ие екендігін Алла Тағала өзі ескертті. Ал «Әли Ғымыран» сүресінің 169 аятында: «Алла жолында өлтірілгендерді өлі деп ойлама, әрине, олар тірі. Раббыларының жанында олар ризыққа бөленді» (72 бет) десе, «Бақара» сүресінің 154 аятында: «Алла жолында өлтірілгендерді олар өлі демендер, олар тірі, бірақ, сендер сезіп біле алмайсыңдар» (24 бет) дейді. Бұл аяттардан біз Алла жолында жүріп өлгендердің өлмейтіндігін білдік, оны бізге Жаратушының өзі ескертіп, олардың ризыққа бөленетіндігін, бірақ біздің оларды тірі екендігін білмейтіндігімізді айтады. Халық арасында аса беделге ие болған, халық жаппай зиярат ететін барлық әулиенің тарихына тоқталсақ, бәрінің тарихы бір жерде үндеседі, яғни бәрі де хақ дініміз Исламды өркендетуге өмірін қиған. Ал өмірін бір Алла жолына арнап дүниеден өткендерді Алла тағала: «Оларды өлді деп есептемендер, олар тірі, бірақ сендер біле алмайсыңдар, олар ризыққа бөленеді» деп ескерткендігі жоғарыда келтірілді. Сондықтан да халқымыздың әулиені зиярат етуі, құрметтеуі, қастерлеуінің бәрінің хақ Құранмен негізделген дәлелдері бар.

Мұның барлығын айтудағы себеп – әулиелік кие қонған ұлғаларды дұрыс тану. Мәселен, Қазақ арасындағы ислам дінін таратып, осы жолда өмірін сарп еткен Арыстан бап, Қожа Ахмет Иасауи, Масат ата, Укаша ата секілді арғы тегі хазірет пайғамбардан таралған әулиелер ерекше ілтипатқа ие. Олардың тұқым-жұрағаттарын халық «Қожа» деген әлеуметтік сытыға жатқызып, «ақсуыя» деп ардақтап келеді. Осы орайды дінді тарату жолына күш салып, Бұхараны имандылыққа шақырып, діни сауат берген Ер Сейітпенбет қожаның әулиелік жолына үңіліп көрейік. Ер Сейітпенбет қожа шамамен 18 ғасырда өмір сүріп, 19 ғасырдың басында өмірден өткен. Аталған мәлімет әулиеміз заманда болған тұлғалардың өмір сүрген кезеңі мен аңыз өңгімелер негізінде нақтыланған. Оған қоса мұрағаттардағы құжаттар да осы кезеңді мензейді. Соның бірінде: «1803 жылы Орынбордың әскери-губернаторы кінәз Г.С. Волконскийдің тапсыруымен қазақтың үш жүзінің саны, мекені және баратын базары туралы Көбек Шүкірәліұлы мен Қазан татары Ғалы Шахмұратовтың берген мәлімдемесі бойынша: «Шөмекейдің Сейін руының 4 бөлігінде 6 мың үй халқы бар керуендерді тонайды, Бұха-

раны базарлап, сауда-саттық етеді» деген. Ел басылары: Кетебай би, Қорен батыр, Айтқали би, Жәрімбет билер болған. Жәрімбет бидің беделі мен ықпалы аралас-құралас көшіп жүрген Кете мен Шөмекей руларында ерекше орын алған. Сол заманда бұл елдің Сейітпенбеткожа деген пірі болған» деп көрсетілген (Материалы по истории Каз.ССР (1785-1828г.г.) т.ІV, М., Л., 1940, с.514).

Ер Сейітпенбет қожаның азан шақырып қойған есімі Сайдмұхаммад екен. Әулиенің ата-бабасы қазіргі Қызылорда облысы Жаңақорған өңірінде мекендеген. Өзі қазақ Қорасан ата атаған Абдул Жалилбақтың 34-інші ұрпағы. Қорасан атаның ұлы Хусайннан (Сұлтан Хусайн) тарайды. Жазба шежіреге сүйенсек, Сейітпенбет жастайынан білімге құштар болып, 13-14 жас шамасында медресені тамамдайды. Заманында әулиенің әкесі Қожажан қожа шекейдің беделді адамдарымен бұрыннан етене таныс болса керек. Себебі рухани көсемдердің бәтуасына орай, Қожажан қожа кіші жүздің арасына жиі барып, дінді насихаттап тұрады екен. Бірде кіші жүз шөмекей руының ақсақалдары Қожажан қожаға сөлем бере келіпті. Қонақтар қайтарында Қожажан қожадан ер жетіп отырған екі ұлы – Заман мен Сайдмұхаммедтің бірін өздерімен бірге жіберуін өтінеді:

– Біздің елде, өзіңіз білесіз, діни сауаты бар дамула жоқ. Баланыңды піріміздей сыйлайық. Мешіт ұстасын. Медресе ашайық, балаларымызға дәрес берсі, – деп қолқалайды. Азкем ойланған қожа:

– Әуелі Аллаға, сосын өздеріңе тапсырдым, – деп Сейітпенбетті шөмекейлерге қосып жіберген екен.

Ұстаздың еткен Сейітпенбет қожа Ырғыз, Торғай, Жылыаңыз, Қарақой, Ұлғаяқ, Жыңғылдыөзек, Жабисай өздерінің бойын ең жайлаған кіші жүз – алшын ішіндегі қаракесектің шөмекейін тараған қалың шөмекейдің балаларын оқытып, мешіт ұстайды. Бұл жерлер – бүгінгі Ақтөбе облысының шығысы, Қарағанды облысының батысы, Қостанай облысының түстігі, Қызылорда облысының терістігі. Осылайша арасында үлкен беделге ие болған қожа кейінірек қазіргі Қазалы, Қармақшы, Жалағаш аудандарының аумағында қоныстанып, мұнда да мешіт басқарып, діни ілім таратуға мүмкіндік алған. Кейіннен әулие шаңырақ көтеріп, сол өңірде Мырза, Сұлтан, Әбдіжаппар, Батыр, Алмас, Міржаң, ШОң атты балалары дүниеге келеді. Арагідік білім іздеп және қажылық парызын өтеу үшін Бұхара, Хиуа, Херат, Мекке, Медине, Шам секілді қалаларға сапарлайды. Алайда тұрақты мекені шөмекейден тарайтын алты Аспан мен бес Бозғұлдың ортасында болған екен.

Ел арасында Ер Сейітпенбет әулиенің кереметі туарлы аңыз көп. Ең көп таралғаны әулиенің 90 түйге жүк боларлық сексеуілдің қызған отының үстінде отырып ара зікірін салғаны екені. Бірде ел арасында «Мен қожамын» деп елден нәрзі жинайтын күмәнді сәлделілер ауыл-елде қаптап кетіпті. Қожа сыйлаған халық бір таба нанының жартысын «қожамыз» дегеннің бәрін, еруақты сыйлап, қолына ұстатады екен. Сейіт жүргенде кіші жүздің ақсақалдары: «Нағыз қожа, шын әулие адам болса, бізге кереметін көрсетсін. Тоқсан түйге жүк болатын сексеуіл томарын (отын) үйіп, өртегіміз. Сол отқа қорықпай түскен адамды біз әулие деп білеміз» деп шарт қойыпты. Сонда өздерін «мен қожамын, әулиемін» деп жүргеннің

біразы елден ғайып болған екен. Ал Сейітпенбет қожа әлгі шартты қабыл алып, әулиелігін көрсетіпті. Дәл осы оқиғадан соң халық әулиеге «Ер Сейітпенбет» деген атағын берген екен. Бұл оқиғаны академик-ғалым Серғали Толыбеков «Қазақ шежіресі» кітабында былайша тарқатқан екен: «...От бірден-ақ лаулап жанып, тез құлашталған жалын аспанға шығып жанып, бірте-бірте бәсеңдейді. Қоршап тұрған халықтың екі көзі әулиеге. Біртіндеп қызыл жалын саябырлап, сағымданып, жанып жатқан оттың ішінен Сейітпенбет қажы көрінеді. Қызыл шоқ сөніп, қарауыта берген кезде ол аса таяғы қолында: «Иә, бабам!» деп аман-есен шығады. Жұрт: «Иә, Құдайлап» шулап, қол құсырып, қожаның аяғына жығылып, әулиешілігіне, кереметіне тәнті болып, құрбандық шалып, Сейітпенбетті пір көтереді».

Тағы бір деректе қожа оттан аман шыққанда шапанының шалғайының бір ұшы ғана күйіп, сарғайып қалған екен. Мұның мәнісін сұрағандарға әулие: «Қыз бала нәрестені алдыма алып отырғанымда шалғайыма дәреті тиіп еді» деп жауап беріпті. Бұл Ер Сейітпенбет қожаның жаны да, кімі де пәк, мұнтаздай таза болғандығын дерек бергенді көрсетеді. Аталған оқиға жергілікті ақын-жыраулардың жырларында да кездеседі. Мысалы атақты жырау Шораяқтың Омары өзінің толғауында:

«Көрәметті көмбіл пір, Төбренбей текке қалай тұр, Жолыңа құрбан пендеміз. Жақын жерден жат еттік, Сейітпенбет атты азизді, Тоқсан түйе томардан Шарпылмай шыққан төнамыз», – деп жырлайды.

Сейітпенбет қожаның «Ер Сейітпенбет» деп есімін алуы жайлы дерек көптеген дереккөзде расталған. Ел аузындағы әңгіме-аңыздар, жыр-дастандардан бөлек, С.Толыбеков, М.Мұқанұлы, А.Сейдімбек, Ш.Әбдісамат, Ш.Серікбайұлы, Х.Маданов, Ж.Өлжожалы, Ә.Қаба, Қ.Өтебайұлы, секілді ғалымдар мен қаламгерлер өз еңбектерінде мәліметті мақұлдағаны байқалады. Сондай-ақ Қарасақал Ерімбет, Қаратамыр Дүр Оңғар, Кете Жүсіп, Базар жырау, Тұрмағамбет, Шораяқтың Омары сияқты шайырлар Ер Сейітпенбет қожаның есімін жырларына қосқаны да сенім ұялатады.

Бұл туралы Базар жырау былай деп жырлайды: Мына бір шолақ дүниеден, «Әулие өлмес» дер едім. Отқа салса, күймеген, Залымдардың өмірі.

Бір шарпыу тимеген, Арамды көңілі сүймеген. Дін мұсылман баласын, Кереметпен билеген.

Саһар тұрып жылаған, Хақтан медет сұраған. Ол өрлердің тағаты, Құдайына уаған.

Бабай түкті Шашты Әзиз, Ер Сейітпенбет, Мағзаман, Марал ишан, Соңы Әзиз, Солардан да өткен сүм дүние, – дейді. Әрине, бұл – әулиенің кереметі мен қасиетіне иланған, күе болған тұлғалардың лепес көңілі. Сонымен қатар Сейітпенбет қожаның ғаламатын дәлелдейтін аңыз-өңгімелердің тағы бірі Қарақ тауының етегінде Ер Сейітпенбет қожа, Марал ишан мен Жәрімбет әулие үшеуінің кездесуінде баяндалады. Замандастар бас қосқанда Марал ишан: «Біздің мәңгілік мекеніміз қай жерде болар

Сақтансаң, сақтайды Тұрмыстағы өрт қауіпсіздігі

Өрт көп жағдайда адамдардың қауіпсіздік қағидаларын сақтамауына немқұрайдылықпен қарауының салдары болып табылады.



Үйде тұрған пештер жарамды күйде болуы және өрт қауіпсіздігінің барлық талаптарын сақтауды ескере отырып жабдықталуы тиіс. Пештерді пайдалану кезінде қарапайым талаптарды сақтау керек:

- түтін жолдары мен пештерді күйеден тазарту;
- жанғыш шатырдың үстіндегі түтін құбырларында ұшқын ұстағыштар (металл торлар) болуы тиіс;
- отынды, басқа да жанғыш заттар мен материалдарды оттықта орналастыру;
- жанып жатқан пешті қараусыз қалдыруға, сондай-ақ балаларға қадағалауды тапсыруға;
- пештерде және олардың жанында киімді, отынды және басқа да материалдарды кептіру;
- пештерді қыздыру.

Сонымен қатар балаларыңызды қараусыз қалдырмауға тырысыңыздар және сіріңке, оттық, шұқа сияқты заттарды балалардың қолы жетпейтін жерге қою, газ плитасы, үтік және тағы басқа да жылыту құралдарына жақындамау жөнінде күнделікті ескертіп отыруларыңыз керек. «Балалар біздің болашағымыз» екенін есімізден шығармайық.

Жылыту маусымына дайын бол!

Күннің салқындауына байланысты аудан тұрғындары пештер мен жылытқыш электрқұралдарын қолдана бастады. Қатты суықта, желді ауа-райында тұрғындар қосымша жылыту құралдарын қолданады. Бұлардың қатарында плиталар, электр жылытқыштар, кейде қолдан жасалған электр құралдары да кездесіп жатады. Мұның бәрі бақылаусыз өрттің пайда болуына әкелуі мүмкін. Осындай оқиғаларды алдын алу үшін қарапайым өрт қауіпсіздік ережелерін сақтау қажет.

- жылыту маусымының басында жылыту құралдарын тексеру және жөндеу қажет;
- жылыту маусымы басталар алдында жеке үй иеліктерінде түтін мен құбырларды күйеден тазарту қажет;
- пешті қыздыруға және қатты отынмен пешті жағу үшін бензин, керосин, басқа да тез тұтанатын сұйықтықтарды қолдануға болмайды;
- балаларға пешті жағуды тапсыруға болмайды;
- пештерде және олардың жанында киімді, отынды және басқа да материалдарды кептіру;
- жылыту пештерінің жанында отынды, тез тұтанатын сұйықтықтарды, жанғыш материалдарды сақтауға және жанып жатқан пештерді қараусыз қалдыруға болмайды.

Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі

Білгенге маржан

Диатезді емдеудің тәсілдері

Балалардың мазасын алатын аурудың түрі диатез. Дегенмен диатезді анау айтқандай ауру деуге келмес. Алғашқы кезде-ақ өміні жасаса, тез жазылады. Бірақ ақсқындырса, түрлі тері ауруларының пайда болуына ықпал ететіндігін назарға салайық. Нақтырақ айтқанда, дерматит, экзема, псориаз және нейродермитпен күресуге тура келеді.



Жалпы диатез көп жағдайда емшек еметін сәбилерде болады. Оның шығуына анасының тамақтануы тікелей әсер етеді. Бірақ дәрігерлер қауымы диатез тұқым қуалайтын, қоршаған орта әсерінен болатынын, жұктіліктің бірінші және екінші жартысындағы токсикоздың әсерінен, жұктілік кезіндегі қабылдаған дәрігерлердің салдарынан, жұктік немесе бала өмізетін әйелдің дұрыс тамақтанбауы диатездің шығуына себеп болатынын айтады. Бала өмізетін аналар жұмыртқа, бап сүт, маринадалған тағамдарды, жидектер мен ұылдырықты шектегені жөн. Баланы педиатр рұқсат еткен тағаммен ғана тамақтандыру керек екенін ұмытпау қажет.

Сонымен диатезді емдеудің бірнеше әдіс-тәсілдеріне шолу жасап көрейік. Бірінші бірдей келмеде қызылмен мен шүйіншеп тамырын қалай жапырағын түймедақ гүлің, итотаған және жұпаргүл жапырағын алып, жақсылап араластырыңыз. Қоспаның 1 ас қасығын ыдысқа салыңыз. Үстіне 1 стақан қайнаған су құйып, отқа қоясыз. Баяу отта 15 минут қайнау керек. Осы уақыттан соң ыдысты оттан алып, бетін жауып қойыңыз. Тура 45 минуттан соң дайын болған тұнбаны сүзіп алып, шыны ыдысқа құясыз. Емдік қасиеті мол тұнбаны 3 жасқа дейінгі балаларға 1 шай қасықтан, ал 3 жастан жоғарыларға 1 ас қасықтан ішкізесіз. Емді күніне 3 рет, тамақтанудан 30 минут алдын жүргізу керек. Ем кезінде балапаныңызды осы шөлтер қоспасы салынған ваннаға 10 минут жатқызып алыңыз. Бұл әдісті күп көрмесеңіз өріктің дәні тұратын қабатты жақсылап ұнтақтаңыз. Үгіндіні 1:1 есебімен есімдік немесе жүгері майымен араластырасыз. Қоспаны шыны ыдысқа салып, 2-3 күн қараңғы жерге қою керек. Май өбден сіңген кезде қоспаны алып диатезге жағасыз. Бір жаққаннан-ақ нәтижесін береді. Дегенмен диатез шыққан бойда нақты дәлелденген ем-домсыз, өз бетінше ем жасаудан аулақ болыңыз. Міндетті түрде дерматолог маманның кеңесін алу керек. Оған қоса, өзінздің, балаңыздың ішіп-жейтін тамағына мұқият болыңыз.

Дайындаған А.БҰРКІТБАЙ

Көңіл айту

Аудандық мәдениет және спорт бөлімі мен кәсіподақ ұйымы кітапхананың ардагері Малайдарова Ажар Кенжебекқызының қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

А.БЕК, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі



Ел ертеңі – жастар

ЖАСТАР – ҚАШАНДА АСҚАҚ АРМАН МЕН ҮМІТ, БИІК АР МЕН ӨР НАМЫСТЫҢ СИМВОЛЫ. ҚАЙ ЕЛДІҢ БОЛМАСЫН БАСТЫ КАПИТАЛЫ ХАЛҚЫ ДЕСЕК, СОНЫҢ ІШІНДЕ ЖАСТАР – ҚОҒАМНЫҢ ЖЕТЕКШІ КҮШІ РЕТІНДЕ ЕЛІМІЗДІҢ ДАМУЫ ҮШІН ЖАУАПТЫ ЕКЕНІ СӨЗСІЗ. ЕЛІМІЗДІҢ ТАРИХЫ МЕН МӘДЕНИЕТІНІҢ ТАҒДЫРЫ, ДАМУЫ МЕН ӨРКЕНДЕУІ, ЖАЛПЫ БҮГІНІ МЕН ЕРТЕҢІ ДЕ ЖАСТАРҒА БАЙЛАНЫСТЫ. ОЛАР ҚАЙ КЕЗДЕ ДЕ, ҚАЙ ҚОҒАМДА ДА БЕЛСЕНДІ БУЫН ӨКІЛДЕРІ. ЕЛІМІЗДЕГІ ЖАС БУЫН ӨКІЛДЕРІ МЕМЛЕКЕТІМІЗДІҢ ЖАҢА КЕЛБЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРАДЫ. СЕБЕБІ, ЖАСТАРЫМЫЗДЫҢ ЖАҢА БЕЛЕСТЕРГЕ ДЕГЕН ҰМТЫЛЫСТАРЫ ЖАҢА ИДЕЯЛАРДЫҢ ТУЫНДАУЫНА СЕБЕПШІ БОЛАДЫ.

Халқымыз ел келешегінің кемел болашағының жарқын болуын үнемі жастармен байланыстырады. Осы орайда «Арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, мен жастарға сенемін», – деп қазақ зиялыларының арасында жастардың айбаты мен қайратына Мағжан Жұмабаев осылай баға берген еді. Міне, осыдан қанша жыл бұрын айтылған сөз бүгінде әрбір жастың жүрегіне нұр сөйліп, кеудесіне үміт сәулесін ұялатады.

12 тамыз – Халықаралық жастар күні. Осыған орай, жастар күнін атап өту мақсатында аудан әкімдігінің қолдауымен жастар ресурстық орталығының бастамасымен 7-11 тамыз аралығы жастар апталығы болып белгіленіп, әртүрлі бағыттағы шаралар ұйымдастырылды.

Жастар апталығының алғашқы күні орталық саябақтарда «Таза Аймақ» акциясын ұйымдастырудан бастау алды. Ақцияға «Жасыл ел» жастар еңбек жасағы мен кент және ауылдық округтердің жастары, мекеме қызметкерлері қатысып, қоғамдық орындарды құл-қоқыстан тазартты.

Даналықтың кілті болып табылатын қарт ата-әжелерімізді бүгінгі болашаққа берері мол Еліміздің алтын дінгеі аталған қарттарымызды құрметтеу – әрбір азаматтың басты міндеті. Үлкенге құрмет көрсетуде жалағаштық жастар жолынан жаңылған емес. Бұл сөзімізді ауданның ерікті жастары бастаған бір топ жас «Qam-qog» жобасы аясында ардагер анамыздың үйіне барып, тазалық жұмыстарын жүргізіп, қажетті құл көмектерін көрсеткені дәлелдей түсті.

«Қарттарымызды құрметтеу, олардың қажеттіліктеріне жарай білу біздің парызымыз» дейді жастар.

Жастардың көмегі қарт кісілердің көңілін көтеріп, күш беріп қана қоймай ертеңіне деген сенімділігін арттыра түсті. Бұл шараның нәтижесінде игі іске жұмылған жалағаштық ерікті жастар ардагер анамыздың риясыз лебізіне бөленді. Бұдан бөлек, барлық ауылдық округтердің ерікті жастары да тыл ардагерлеріне, жалғызбасты қариялар мен көпбалалы аналарға көмек көрсетті.

Мұражай – әр елдің тарихын, салт-дәстүрін, мәдениетін танытатын құндылық. Бұл күнгі шаралар легі «Түнгі мұражай жастарға» атты ашық есік күнімен қорытындыланды. Жастардың ой-өрісін, танымдық қабілетін арттыру мақсатында тарихи терең музейде жастарға өлкеміздің табиғаты, өнері, тарихы, мәдениеті жайлы сыр шертетін экспозициялық залдар бойынша музей қорындағы құнды экспонаттар мен музей тарихынан толық мәліметтер көрсетіліп, кеңінен мағлұмат берілді. Халқымыздың рухани асыл қазыналары мен бүгінгі жалғап отырған рухани мекенден жастар ерекше әсер, рухани азық пен тың серпіліс алып қайтты.

Апталықтың екінші күні жастарды киелі мекендермен таныстыра отырып, еліміздің бай мұраларын насихаттау мақсатында «Асыл Мұра» жобасы аясында аудан көлеміндегі тарихи-мәдени орындар Қалқан ахуң, Мырзабай ахуң, Қособалы асар, Домалақ асар, Үңгірлі асарға саяхат ұйымдастырылды.

– Бұл саяхат біздің білімімізді арттырып қана қоймай, рухани өлеңімізге де мол қазына сыйлады. Тарихи мекендерге жасалған сапар басқа саяхаттарға қарағанда ерекше болады екен. Бұл шара жастарға керекті нағыз рухани байлық, габриятты шара деп білеміз, – деді аудан жастар.

Тарихи орындарды аралай отырып, саяхаттан ерекше әсер алып қайтқан жастарға ұлттық мұраны дәріптеген тарихи-мәдени сапар алдағы уақытта да жалғасын тауып, тұрақты түрде жүргізілетіні жеткізілді.

Мұнан бөлек, «Kino time» ашық аспан астында «Дос-Мұқасан» фильмінің көрсетілімі өткізілді. «Дос-Мұқасан» фильмі – әртүрлі жастағы аудиторияны өзіне баурай алатын отбасылық туынды. Егде жастағы адамдар жастық шақты, сол кездегі өңдерді сағыныспен еске алса, жастарға өткен ғасырдың 70 жылдарының лебіні сезініп, қазақ «Битлз-нің» қалыптасу тарихымен танысу мүмкіндігі бар. Туынды қазір бірқатар фестивальға қатысып, көптеген кино өнерін бағалаушылар тарапына өң бағаға ие болып үлгерді. Аталмыш фильмді тамашалауға келген көрермендер ұйымдастырушыларға алғыстарын білдірді.

Жастар күніне арналған жоспарға сәйкес апталықтың үшінші күні 9 тамыз спорт күні болып белгіленді. Осы тұста 16-35 жас аралығындағы жастар арасында спорттың 8 түрін сайыс өтті. Спорттық шараға аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов қатысып, жарысқа қатысушы спортшыларға сәттілік тіледі. Сайысқа

кент және ауылдық округтерден 70-ге жуық жас қатысып суға жүзу, гир тасын көтеру, асық ату, дартс, үстел теннисі, қол күрес, турникке тартылу, шахмат ойындары бойынша бақ сынасты. Сайыс соңында төрешілердің әділ шешімімен ерекше ойын өрнегін көрсетіп, өзінің өптілігімен шымырлығының арқасында көзге түскен жастар жеңімпаз деп танылып, арнайы аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменовтың дипломымен «Темір-қазық» қоғамдық бірлестігінің медалы, ақшалай сыйлықтары табысталды.

Апталықтың келесі күні 10 тамыз – қазақтың жазба әдебиетінің негізін қалаушысы, ойшыл ақыны, ұстаз ағартушысы, ұлттық рухының биік мақтаншысы Абай Құнанбайұлының туған күні. Мемлекет басшысының тапсырмасымен Үкімет қаулысына сәйкес 2020 жылы Абайдың 175 жылдығы қарсаңында 10 тамыз Абай күні деп бекітілген болатын. Осы тұста ұлы ақынның өнегелі өмірі мен танысу, ақынның даналығын, рухани асыл мұраларын насихаттау мақсатында ақынның шығармашылығына арналған «Абайды бірге оқымыз» атты аудандық байқау өтті. Байқауға аудандық білім ошақтарынан 9 оқушы қатысып, ІІІ-кезек бойынша сайысты. Артына өлмейтұғын мұра қалдырған ұлы Абайдың шығармаларын насихаттау, бүгінгі ұрпақтың қастерлі борышы. Сайыс соңында әділ – қазылардың шешімімен байқауға қатысқан қатысушылар жүлделі орындарды иеленіп, арнайы дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Бұдан өрі шаралар легі аудан әкімі Асқарбек Есжановтың аудан жастарымен кездесуімен жалғасты. Жинаға аудан басшысымен қатар аудандық мәслихат төрағасы Өмірзақ Елеусінов және жауапты сала бойынша орынбасарлар, бөлім басшылары мен кент әкімі қатысты.

Жалынды жастар қай кезде де айтар ойын ашық жеткізуге құштар екені белгілі. Ашық аспан астында өткен басқосуда аудан басшысы жастардың көкейтесті мәселелеріне құлақ асып, алдағы уақытта шешу бағытында тиісті шаралар қабылданатындығын айтты.

Кездесу барысында Асқарбек Темірбекұлы басқосуда жиылған жастарды мерекелерімен құттықтап, Жалағаш ауданында жастар саясатының жүзеге асырылуы барысына тоқталды.

– Аудан бойынша 35 жасқа дейін 10966 жас бар, бұл жалпы халықтың 30 пайызын құрайды. Қазіргі таңда мемлекеттік жастар саясатын қаржыландыруға жергілікті бюджеттен 18 млн теңге және жастарды дамыту мен қолдауға мемлекеттік өлеуметтік тапсырыс шеңберінде 3 жобаны жүзеге асыруға жергілікті бюджеттен 4,2 млн теңге қаржы бөлінді. Жастарды кәсіпкерлікке тарту бағытында да нақты жұмыстар атқарылуда. Аудан бойынша қазіргі уақытқа дейін 1273 субъекті немесе 38 пайызын 18-35 жас аралығындағы жас кәсіпкерлер құрап отыр. Жыл басынан ауданнан мемлекеттік және өңірлік бағдарламалар аясында шағын және орта кәсіпкерлікті бастау немесе дамыту бағытында 15 жастық жобасы 132 млн теңгеге қаржыландырылды. Сондай-ақ, жыл басынан «Аграрлы несиесі корпорациясы» АҚ арқылы жастар кәсіпкерлігін бастау немесе дамыту бағытында аудан бойынша 22 жоба қатысып, қазіргі таңда 11 жоба 51,5 млн теңгеге қаржыландырылды. Біз мұнымен тоқмәйісіп қалмауымыз керек, – деген аудан әкімі жастардың дамыған заман талабына сай әрқең осындай жаңашыл болу қажеттігін де тілге тиек етті. Кездесуде аудан жастары Жалағаш кентінің

орталығынан жастар аллеясы салына деген ұсыныстарын жеткізді. Бұл ретте Асқарбек Есжанов кент орталығын абаттандыруда жастардың ұсынысын қолдайтынын айтып, келесі жылы аталған ұсынысты жүзеге асыру бағытында жұмыстар жасалатынын жеткізді. Сондай-ақ басқосу барысында белсенділігімен дараланып, қоғамдық жұмысқа атсалысқан, жасынан шаруаны ширақтаған, білім көкілегінде білімді шекірттер өсірген, өнерімен танылып спортты жанына серік еткен үздік жастар аудан әкімінің алғыс хатымен марапатталды. Сонымен қатар жастар кеші өз жалғасын тауып, Асқарбек Темірбекұлы алау жанында шығармашыл жастардың өнерін тамашалады.

Апталықтың соңғы күнінде ауданымыздың ерікті жастары «Мектепке жол» акциясы аясында аз қамтылған, көпбалалы отбасында шыққан екі оқушының мектепке дайындығына көмектесіп, оқу-құралдарын алып берді. Бес күнге созылған шаралар легі жастар күніне арналған мерекелік гала концертпен аяқталды.

– Бүгінде әр салада қызмет етіп жүрген белсенді жастар жетерлік. Олар өзінің ауқымды жұмыстарымен, қарқынды қимылдарымен еліміздің дамуы мен гүлденуіне өз үлестерін қосып жүр. Білімнің биігін бағындырып, спортта да, мәдени іс-шараларда да, елімізді әлемге танытып жүргендердің басым бөлігі жастар, – деді аудандық жастар ресурстық орталығының директоры Нұржан Амандық.

Ауданның өресі биік, жалынды жастарын мерекелерімен құттықтап, ізгі лебізін білдірген Нұржан Райсұлы жастар күніне орай ұйымдастырылған апталықтың жоғары деңгейде өтуіне атсалысқан мекеме басшыларымен ұйымдастырушыларға өз алғысын білдірді. Мерекелік шара соңы жалынды жастардың думанды концертін би кешіне ұласты.

Ақтоы ЕРЖАНҚЫЗЫ

Аққұмдағы Секретариат

ЖЫЛҚЫНЫ БАҒУ МЕН ОНЫҢ ӨНІМДЕРІН ЕЛ ИГІЛІГІНЕ ЖАРАТУ, ОНЫ БАПТАП, БАСЫН КӨБЕЙТУ НАНТАЛАП ТІРЛІК ЕМЕС, КӘДҮІЛГІ ӨНЕР ДЕУГЕ КЕЛЕДІ. ҚАЗАҚ ДЕГЕН ТЕКТІ ҰЛТТЫҢ ҚАНЫНА СІҢГЕН ҚАСИЕТ, ӨЗГЕДЕН ЕРЕК БОЛМЫСЫН АША ТҮСЕТІН ЕРЕКШЕЛІК. ӘСІРЕСЕ ҚАЗАҚТЫҢ МАҢДАЙЫНА БІТКЕН ҰЛАНҒАЙЫР ДАЛАНЫ ҮЙІР-ҮЙІР ЖЫЛҚЫСЫЗ ЕЛЕСТЕТУ МҮМКІН ЕМЕС. ТӨРТ ТҮЛІКТІҢ ІШІНДЕГІ ЕҢ ҚАСИЕТТІСІ, ҚАДІРЛІСІ, ТАЗАСЫ ДА ОСЫ ҚАМБАР АТА ТӨЛІ. ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ ЖАҚСЫ АДАМДЫ «ЖЫЛҚЫ МІНЕЗДІ» ДЕУІ ДЕ ТЕГІН ЕМЕС.

Аққұмдағы Қылыш Битанов болашақ Секретариатты баптап жүрген кісі. Бәйгеге бірнеше рет қатысып, бәрінде үздік үштікті еншілеп келген. Сұлудай таранып, сымдай көрілген Секретариат біз барғанда астауынан сү ішіп тұр екен. Талай аламан бәйгеде үздік үштіктен көрініп те жүр. Қылыш ағамыз жылқы баптауды кәсіп етіп отырған жоқ. «Әкем де, әкемнің әкесі де жылқы баптаған» деген азамат бұл қасиет маған да берілді дейді.

– Жалпы, қазақ пен жылқыны екі бөлек елестету мүмкін емес қой. Жылқы – ер қанаты дейді. Мен бала кезімнен жылқы баптап өстім. Өзім жылқыны жақсы көремін. Таза, қасиетті жануар ғой. Үйір-үйір қылып көбітеуе болар еді, бірақ мен санынан гөрі сапасына мән бергенді жөн көрдім. 4-5 жылқым бар, оның екеуі осы бәйгеге қатысып жүргендер. Бұлардың бабы да ерекше. Жем-шөбінен бөлек, көкөніс, тіпті табиғи таза бал да беріп тұрамын. Бұл бәйгеге шабатын жылқының бабын келістіреді, – дейді.

Ат баптаған азаматпен әңгімелескенімізде төрт түліктің төресің, қамбар ата түлігін күтіп-баптаудың өзі өнер екеніне тағы бір көз жеткіздік. Рас, атам заманда қолға үйретіліп, көшпелі халықтың қажетіне жараған жылқы малының қадір-қасиеті ерекше. Жылқы тектес халықтың өзі аттан қазаны оттан түспеген. Көшпелі замандағы халықтың сенімді серігі, келігі, әрі қорегі де осы. Аққұмдағы ат баптаған азамат айтпақшы, төрт түліктің ішіндегі ең тазасы, ең тектісі, адам денсаулығына ең пайдалысы да осы жылқы. «Бұл ісім, ат баптауым – қызығушылық, Бәйгеге қатысу үнемі мүмкіндік бөре бермейді бірақ. Өйткені бізге демеуші жоқ, бәйгеге баратын болсақ шығын қалтамызға түседі. Бір жылқының басына кейде 500 мың кетіп қалады. Ал бұл шығын ауыл адамдары үшін оңай емес» дейді Қылыш Битанов бір сөзінде.

Расымен ауыл азаматының сөзінше, ешбір бәйгеге кететін шығынға демеушілер табылмайды екен. Алайда бәйгеден қалғысы

жоқ. Баптап отырған аттары да бәйгеге сұранып тұрғандай.

Жылқының атын неге «Секретариат, оның мән-мағынасы не?» деп отырған боларсыз. Секретариат – аса беделді «Үштік тәжді» 25 жыл бойы ешкімге бермеген америкалық жылқы. Бабы келіскен бәйге атының рекордтық жеңістері әлемдік спорт үшін үлкен жаңалық болғаны рас. Бұл жылқының туғанынан бастап жеңіс тұғырына қалай көтерілгені туралы, оны баптаған бапкерінің табандылығы туралы фильм де түсірілген. Шынайы оқиғаға негізделген фильм болғандықтан, өлем жұртына тез танылып, кино саласында айтарлықтай орын алған. Ал Қылыш ағамыз бәйге атының атын «ырымдап» Секретариат деп атапты.

Ал біз көрген Секретарит осы бәйге атының рекордтық жеңістерін қайталамаса да, барған бәйгелерінің бәрінде орын алып келген Қылыш ағамыздың Секретариатымен бірге баптап отырған Гимн деген де жылқысы бар екен.



Гимннің де бабы мен бағы келіскен, күтімі жақсы екені көзге айқын көрініп-ақ тұр. Бәйге аттарының бірі үш-төрт рет атмайданда бағын сынаса, екіншісі сегіз рет аламанда өзін дәлелдеген. Екеуі де барлық бәйгеден үздік үштіктен көрініп,

еңбекті ақтаған екен. «Жылқыға деген қызығушылығы сонша бар тапқан-таянғанын жылқысына берей» дейді жеңеміз әзілдеп.

Рас қой, қазақты тануда жылқының алатын орны бөлек. «Астындағы жалғыз атын беретін» деп

қазақтың кеңпейілділігін айтауда үлкен мән жатыр. Қазақта Қылыш ағамыз секілді жылқы баптап әке жолын жалғаған азаматтардың бары қуантады.

Нұржамилла АЛМАҚЫЗЫ

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы
Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Газет әр аптаның *сейсенбі, сенбі күндері шығады.*
Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8(7242) 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2840 Тапсырыс № 1265